

ӘОЖ 378

ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оразғалиева Саида Аманкелдіқызы

o.saida_99@mail.ru

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
Шығыстану мамандығының 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – т.ғ.д., профессор Абжаппарова Б.Ж.

Кіріспе

Бұл мақалада Оңтүстік Кореядағы қазіргі заманауи білім берудегі негізгі үрдістер қарастырылады. Корей білімінің жетістіктері, білім беруге құйылатын инвестициялар және ЖОО түлектерін жұмыспен қамту мәселелері зерттеледі. Білім беруге жұмсалатын мемлекеттік және жеке шығындардың өсуі және студенттер санының артуына қарамастан, университеттер түлектерін жұмысқа орналастыру проблемалары бар, ал оларға ұсынылатын жалақы мөлшері жалақы деңгейінен төмен. Білім беру жүйесінің оқушылар психикасына ықпалы, бәсекелестік, күйзеліс пен ішімдікке салыну, өзіне-өзі қол жұмсау, т.б. проблемалар

санының өсуі және оның себептері туралы зерттеулер. Жоғары оқу орындарының саралануы жоғары білім сапасына әсер етеді: төмен оқу орындары біліктілігі жұмыс үшін жеткіліксіз мамандар шығарады. Сол себепті жұмыссыздық артуда. Қорытындыда білім беру мәселелерін шешуге ықпал етуі мүмкін шаралар мысалға келтіріледі.

Білім мен ғылымды аса бағалайтын Корей елі қазіргі таңда да көш басында келеді. Мұнда жоғары қарқынмен дамып келе жатқан техниканың жаңа жетістіктерін ашумен қатар, оны білім саласына енгізу жолға қойылған. Жастардың сол техникаға әуестігін білім алумен алмастыра отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізу мақсат етілген. Осы тұрғыда бастауыш және орта мектеп оқушыларының білім баспалдағы бойынша өз қабілеттеріне сәйкес жылжуына мүмкіндік беретін сатылы оқыту, яғни Smart оқыту білім жүйесіне енгізілген. Оңтүстік Корея мен Қазақстанның білім беру жүйесінде үлкен айырмашылық бар. Бұл елдегі мектептерде тәртіп қатал, тек білім мен тәрбиеге көңіл бөледі. Әсіресе, оқушылардың сырт келбеті, өзін-өзі ұстауы және мектеп формасы қатаң бақылауда болады.

Әрине, бүкіл әлемдегі барлық ата – аналар өз балалары үшін ең жақсысын қалайды, ал бұл "ең жақсысының" ажырамас бөлігі-беделді ЖОО-да лайықты жоғары білім. Корей ата-аналары да ерекшелік емес. Мұндай ниет іс жүзінде олардың өмірлік мақсатына айналады, сондықтан олар балалардың білім алуына ештеңеден аянбауға дайын.

Оңтүстік Корея үкіметі елде экономиканың өсуіне ықпал ететін сапалы жұмыс күші пайда болуы үшін тиімді білім беру саясатын жасауға тырысады.

Қазіргі уақытта Оңтүстік Кореядағы білім беру мекемелерінің саны өсуде. Халықаралық бағдарлама аясында әртүрлі елдердің 15 жастағы оқушылары арасында экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы өткізетін тестілеу нәтижелеріне сәйкес оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша Оңтүстік Кореяның оқушылары жоғары нәтижелер көрсетуде, атап айтқанда, жақында енгізілген бағдарламадағы мәтіндерді оқуды бағалау (assessment of reading digital texts) бойынша олар бірінші орын алады [1].

Оңтүстік Кореяның білім беру жетістіктеріне елден тыс жерлерде де назар аударылуда. АҚШ-тың бұрынғы президенті Б. Обама және бұрынғы Білім министрі А. Дункан ресми түрде АҚШ-тың “Корей білім беру саясаты мен оқуға деген ұмтылысын ұстануы тиіс” деп мәлімдеген [2]. 2011 ж. 26 қаңтарда Б. Обама АҚШ Конгресінің бірлескен отырысында: “Оңтүстік Корея оқытушыларды құрметтейді, ал студенттер бар ынтасымен оқиды, компьютерлік ойындар мен теледидарға уақыт жұмсамайды”, -деп атап өтті [3].


Іс жүзінде корей студенттері таңертеннен түнге дейін үзіліссіз және демалусыз оқумен айналысады, бұл олар үшін күйзеліс болып табылады, сондықтан балаларының жақсы оқытуға деген құштарлық тек ата-аналарда ғана. Оңтүстік Корея мектептерінде балалар өте көп оқиды. Әсіресе жоғарғы сынып оқушыларының саны айтарлықтай жоғары. Сабақтан кейін оқушылар біздегі репетитор орталықтары секілді хагвонға барады. Ол жерде сабақтарын орындап, мұғалімдермен қосымша дайындық жүргізеді, бірақ мұнда мектептегідей ауыртпашылық болмайды, баға қойылмайды. Хагвоннан оқушылар сағат 23:00-де босайды. Мұның барлығы болашақта жақсы жоғары оқу орнына түсу үшін жасалатын шаралар. Өйткені Оңтүстік Кореяда жоғарғы оқу орнына түсу бәсекелестігі өте жоғары. 3-5 жыл қатарынан тапсырып түсе алмау бұл жақта қалыпты құбылыс. Соған орай, мектептен кейінгі университеттік өмір жеңілдірек болады. Талап азаяды, бос уақыт көбейеді. Шетелдіктер үшін Оңтүстік Кореяда оқу оңай емес. Өйткені көбі мұндай талап пен бәсекелестікке үйренбеген.

Корей соғысынан кейін ел экономикасы құлдырады, халық кедей жағдайда болды, сондықтан дәл осы кезеңде жоғары білім ел байытудың құралы болады деген идея пайда болды. Үкімет білім алуға көңіл бөле бастады, ал ата-аналар өз балаларын оқыту үшін барлық мүмкіндіктерді жасады. Бір жағынан, осы білімділіктің арқасында Оңтүстік Корея экономикасы өсті, бірақ екінші жағынан білім беру жүйесінде елеулі проблемалар пайда бола бастады.

Оңтүстік Кореяда жоғары білім алу кез келген кәрістің табысты карьера қалыптасуында шешуші мәнге ие. Барлық студенттер жақсы білім алу үшін көп уақыт

жұмсап, оқуға көп ақша кетіреді. Мемлекеттің білім беруге арналған шығыстары да тұрақты өсуде. Университеттер мен колледждердің түлектері жақсы жұмыс орындарында жоғары жалақы алуы тиіс деген қорытындыға келуге болады, ал еңбек нарығы білікті кадрлардың тапшылығын сезінбеуі тиіс. Өкінішке орай, шын мәнінде бәрі басқаша. Сапасыз білім алған көптеген жастар жұмысқа орналасуда қиындықтардан қорқады, өйткені олар төмен лауазымға орналасқысы келмейді, ал жоғары лауазымға олардың біліктілігі жеткіліксіз. Олар жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін үйде отыруды қалайды. Басқаша айтқанда, білім беру сапасы мемлекеттік сұранысқа сәйкес келмейді, сондықтан тиімді жұмыс пен ел экономикасының өсуі үшін адам ресурстарын қалыптасуы жүргізілмейді. Жалпы алғанда, бұл корей қоғамында "білім көпіршіктерінің" феномені пайда болады.

Бүгінде корей білім беру саласында білім алуға үлкен құлшыныстың салдарынан екі үлкен "көпіршік" бар. Олардың бірі-қосымша білім беру болса, ал екіншісі-жоғары оқу деңгейі. Мұндай білім алған студенттер "көпіршіктер" сияқты болады: сыртынан бұл білікті мамандар, бірақ жұмысқа орналасқанға дейін келген кезде олар "жарылады", "жоғалады", яғни талап етілетін жұмыс позициясын ала алмайды.



1-сурет. Бір оқушыға білім беруге жұмсалатын қаражат
 Материалдар көзі: Корей білім беруді дамыту институты (2013),
 Оңтүстік Кореяның статистикалық қызметі(2014)

Зерттеулер көрсеткендей, Оңтүстік Кореяда жоғары білім алған адамдардың саны біртіндеп артып келеді. 2010 жылы жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санынан (15-64 жас) университет түлектерінің үлесі 60% - ға жетті [4]. Халықты оқытудың орташа мерзімі 1960 ж. 4,6 жылдан 2010 ж. 12,6 жылға дейін өсті. Жас адамдарды оқытудың орташа мерзімі бойынша (15-34 жас) Оңтүстік Корея Құрама Штаттарды басып озды (12,8 жас) және Жаңа Зеландиядан (13,7 Жас) кейін әлемде екінші болды.

Сондай-ақ, білім беруге инвестициялардың тез өсуі байқалады. Қосымша білім беру және университетте оқу ақысы жылына бір оқушыға 1.148.000 вон (1,043\$) - дан 5.106.000 вон (4,640\$) - ға дейін өсті [5]. Білім беруге жеке шығындардың өсуіне әсер ететін факторлар қосымша білім берудің танымалдығы мен университетке түскендердің санының өсуі болып табылады.

Әдетте, жоғары оқу орындарының түлектері орта мектеп түлектеріне қарағанда жоғары жалақы алады. Бұл теңсіздік қисынды және заңды, ол жоғары білім беруге және білім беруге құйылған инвестицияларға сәйкес келеді. 1997 жылы Оңтүстік Кореяда қаржы дағдарысынан кейін университеттер мен орта мектеп түлектерінің жалақы айырмашылығы айтарлықтай өсті. Сонымен қатар университетке түскендердің пайызы күрт өсті. Студенттер санының өсуіне байланысты "білім көпіршіктері" мәселесі туындады деп саналады.

Оңтүстік Кореялық студенттер өте еңбекқор, және олардың білім беру жүйесі дамыған әлемдегі көпшілікпен салыстырғанда өте жоғары деңгейде, бірақ білім беру жүйесінің қатандығы мен жүрексіз болуы жоғары сынып оқушылары арасындағы күйзеліске, депрессияға және өзіне-өзі қол жұмсауға алып келеді. Бұл Оңтүстік Кореядағы өте үлкен проблема.

Оңтүстік Кореяның білім беру жүйесі өзі өте бәсекеге қабілетті болып табылады және кез келген оңтүстік корейлік студент үшін ең үлкен басымдық жақсы университетке түсу болып табылады. Бірақ колледжге түсу емтиханы әрбір корей студенті үшін өте қиын. Бұл тест барлық сынып оқушыларына күшті университеттерге баруға және табысты мансапқа ие болуға мүмкіндік береді. Осы емтиханға дайындық үшін, Корей студенттері үлкен бәсекелестікке тап болады және күн сайын таңғы 8-ден кешкі 10-ға дейін оқуға тура келеді.

Барлық білім беру жүйесі көптеген табысты адамдарды тудырады, бірақ колледжде оқып жүргендердің арасында депрессия мен алкогольизм-өте үлкен проблемалар. Оңтүстік Корея дамыған елдердің көпшілігіне қарағанда, халықтың жан басына шаққанда алкогольді көбірек тұтынатын ел болып саналады.

Қазіргі заманғы саясаттың маңызды міндеттерінің бірі университеттерге түскендердің пайызы мен білім беру шығындары жоғары болғанына қарамастан, адам ресурстарын қалыптастыруға мүмкіндік бермейтін "білім көпіршіктері" мәселесін шешу.

Бұл мәселелерді шешу үшін университеттерді әртараптандыру стратегиясын құру қажет. Мысалы, төмен деңгейдегі университеттерді, университеттердің мамандануын ретке келтіру, олардың экономикалық жағдайын жақсарту керек.

Корея 2000 жылдардың соңында "әлемдік деңгейдегі университет" атты бастама аясында шетелдік зерттеушілерді тартуға 600 миллион АҚШ долларын бөлді. Мұндай бастамалар корей жоғары оқу орындарында шетелдік оқытушылар үлесінің айтарлықтай өсуіне және ғылыми зерттеулер көлемінің жылдам өсуіне ықпал етті [6].

2019 жылғы Жоғары оқу орындарының ағымдағы рейтингінде топ-100-ге енген екі Корей университеті бар- Сеул ұлттық университеті-SNU 63-ші орында және 82-ші орында Sungkyunkwan University, Шығыс Азияның ең көне университеті болып саналатын жеке оқу орны.

QS World University Rankings рейтингінде корей университеттері соңғы жылдары айтарлықтай алға жылжыды-қазіргі таңда топ-100-ге 2016 жылмен салыстырғанда бес Корей университеті енді [7]. Сеул Ұлттық Университеті әлемде 36-ші орында және Азия университеттері арасында 11-ші орында тұр, одан кейін Корея алдыңғы қатарлы Ғылымдар мен Технологиялар институты 40-ші орын, Поханг ғылым мен техника Университеті 83-ші орын, Корей Университеті 86-ші орын және Сунгюнкван Университеті 100-ші орын иеленді [8].

Университеттердің құрылымын реформалау үшін білім беру жүйесін жетілдіру қажет. Бұл үдерісте басты рөл ата-аналар, мектептер, оқытушылар және т.с. сияқты мүдделі тараптарға берілуі тиіс. Сондай-ақ, жастардың қандай да бір мамандықты таңдауға кедергі келтірмеуі үшін түлектің мамандығына сәйкес келетін жұмысты құрметтейтін қоғамдық

атмосфераны қалыптастыру қажет. Адамның қабілетін бағалау оқытудың ұзақтығы бойынша жүргізілмеуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Barro R. J. and Jong-Wha Lee, "A New Data Set of Educational Attainment in the World, 1950~2010." *Journal of development economics*, Vol. 104, 2013, pp. 184-198.
2. Programme for International Student Assessment, OECD PISA. 2012. <http://www.oecd.org/pisa/keyfindings/pisa-2012-results.htm>
3. Transcript: Obama's State Of The Union Address-January 25, 2011.
4. <http://www.npr.org/2011/01/26/133224933/transcript-obamas-state-of-union-address>
5. Ведомства университета информации Южной Кореи. <http://academyinfo.go.kr>
6. Корей білім беруді дамыту институты. <http://kess.kedi.re.kr>
7. Оңтүстік Кореяның статистикалық қызметі. <http://kosis.kr>
8. CyberLenika